

Алтыншы алтынды біздің Ольга әперді

7 тамыз 2012 | 18:08 | Спорт | Қаралған: 2428 | Пікірлер: 0



Сүйінші, қазақ елі! Кеше Қазақстан құрамасының қоржынына алтыншы алтын түсті. Алаш жұртына Лондон Олимпиадасының алтыншы алтын медалін сыйлаған – жерлесіміз, өскемендік Ольга Рыпакова. Осылайша Ольга Шығыс Қазақстаннан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы атанып отыр. Алтыннан алқа тағынған аруы-мызды Елбасы арнайы құттықтап, Лондонға жеделхат жолдады.



Жерлес спортшымызға бүкіл еліміз жанкүйер болды. Оның ішінде, әсіресе, шығысқазақстандық спортсүйер қауым түн ұйқысын төрт бөліп, теледидарға тепмірген. Өскеменнің қақ ортасындағы Спорт сарайы жанында тұрған үлкен ЛЕД-экран маңына да жұрт көп жиналды, дені – жастар. Бәрі тікелей көрсетілімді тамашалап, Рыпаковаға тілектестік білдіруге келген. Қолдарында – көк байрақ, беттеріне де еліміздің туының суретін салып алыпты. Бұл іс-шараны өскемендік жастардың бастамашыл тобы мен спорт қауымдастығы ұйымдастырды.

Жанкүйерлер арасына ұйымдастыру-шылардың шақыруымен аймақ басшысы Бердібек САПАРБАЕВ және Ольганың анасы Валентина Юрьевна Алексеева да келді.

Дүниені дүбірлеткен байрақты бәсеке алаңына үш қарғып секіруден әлем чемпионы Ольга Рыпакова шыққанда жанкүйерлер ду қол шапақтап, ерекше шабыттанып кетті. Ольга бұған дейін 3-тамыз күні еткен үш қарғып секіру бойынша біліктілік сайысында да тамаша нәтиже көрсеткен болатын. Бұл жолы да көрсеткіштері жоғары болуы тиіс деген үміт басым еді көпшілікте.

Міне, жерлесіміздің шешуші секіруі. Нәтиже – 14 метр 98 сантиметр! Бұл – өте жоғары көрсеткіш! Қазақстандық жеңіл атлет Ольга Рыпакова үш қарғып секіру сайысында қарсыластарынан қара үзіп, Олимп шыңын бағындырды. Атап айтқанда, ол басты қарсыласы саналған украиналық жеңіл атлет Ольга Саладухадан 19 сантиметрге артық секірді.

Спорт сарайының маңындағы жұртшылық қуанғандарынан орындарынан тұрып кетті. Қол соғып, бір-бірлерінің қолын қысып, құттықтауда. Иә, бұл – жалғыз Рыпакованың ғана емес, бүкіл еліміздің, оның ішінде Шығыс өңірінің даңқты жеңісі еді.

Жарайсың, Ольга! Міне, ерлік, міне, батырлық, міне, нағыз патриот! Қазақстан Өнұраны Лондон төрінде алтыншы мәрте шырқалды.

Қазақстан олимпиадалық құрамасы Рыпакованың жеңісінен кейін жалпыкомандалық есепте Германия мен Солтүстік Корея сияқты спорт державаларын басып озып, жетінші орынға көтерілді.

Жеңісті сәттен соң экран алдына облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ шығып, шығысқазақстандықтарды ортақ жеңістерімен құттықтады:

– Ағайын, жаңа ғана көз алдымызда шығысқазақстандық спортшы қызымыз Ольга Рыпакова әлемдегі ең басты спорттық награда – Олимпиаданың алтын медалін жеңіп алды. Мұндай жетістік – ерен еңбектің нәтижесі. Еңбек еткен адам қандай жаста болмасын, міндетті түрде жеңіске қол жеткізеді, әсіресе, спортта. Ольганың анасы қызының спортпен он жасынан бастап айналысқанын айтады. Ольга Рыпакова осы жеңісі үшін он жеті жыл аянбай тер төкті. Бұл – Шығыс Қазақстан облысының тұңғыш олимпиадалық наградасы. Жеңіп атлетика спорттың ең әдемі түрі саналады. Мен бірінші кезекте Ольганың анасын, Лондонда жанында жүрген әкесін құттықтап, ол кісілерге алғыс айтқым келеді. Олар Ольганың Олимпиада чемпионы атануы үшін қолдарынан келгенін жасады. Біз сіздерді құттықтаймыз! Алдағы уақытта да табыстарға жетулеріңізді тілейміз! Шығыс Қазақстан әрқашан осылай ағарып алдан көріне берсін! Күннің де Шығыстан шығатынын жадымыздан шығармайық, ағайын! Осында жиналған барша жанкүйер қауымға ризашылығымды білдіремін. Мұнда нағыз патриоттар жиналып отыр.

Сөзінің соңында облыс Әкімі Ольганы Алматы әуежайына Өскеменнен арнайы рейспен ұшып барып, қарсы алатынын жеткізді.

– Айнапайын, Ольга! Сен бәрінен де үздіксің! Сен бұл медальға қаншама қиындықтарды бастан кешіре отырып қол жеткізіп отырсың! «Жолым болмай-ақ қойды ғой» деп тапай рет жылап, бұл жеңісті ұзақ күтіп едің, енді, міне, қуанышқа бөлендің. Мен өте бақыттымын! – деді қуаныштан көз жасына ерік берген Валентина Юрьевна.

Іс-шара соңында түнгі Өскеменнің көшелерімен көк байрағымызды желбіреткен жанкүйерлер автокөруені жүріп өтті.